

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

ГТАХР 14.09.03

Н.К. Смагулова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оқыту әдістемесінің ғылым арналарын жүйелеп, жіктеген М.Жұмабаевтың, Қ.Кемеңгеровтың айтқан әдістемелік ой-пікірлерінің, оқулықтары мен оқу құралдарының маңызы қарастырылды. Білім берудегі жаңалықтардың басында Алаш зиялыларының оқу-ағарту саласындағы ойлары, ғылыми тұжырымдары, көзқарастары, еңбектері тұрғаны зерделенді. Қазіргі білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнында Алаш ағартушыларының оқу құралдары, оқулықтары, оқу-әдістемелік еңбектері мен зерттеулеріндегі ойлармен үндесетіндігі сараланды. Мағжан Жұмабаевтың ана тілімізді оқыту, бала тілін дамыту әдістемесі бағытында мол да құнды ойлары қарастырылды. М.Жұмабаевтың еңбектеріндегі ой-тұжырымдары, көзқарастары зерделенді. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесіндегі бастауыш сыныпты оқытуда ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор екені дәлелденді. Қ.Кемеңгерұлының мемлекеттік тілді оқыту жайындағы әдістемелік еңбектері зерттелді.

Кілт сөздер: Алаш, оқу-ағарту, әдістемелік ой-пікірлер, оқыту технологиялары, ұлттық руханият, оқулықтар, үндестік.

КІРІСПЕ

Мақалада бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер, рухани жаңғыру тұсында Алаш ағартушыларының ғылыми-әдістемелік мұраларының ұлттық тәрбие мен құндылықтарымызды насихаттауда, ұрпақ бойына сіңіруде орны өлшеусіз екендігін қарастыру басты мақсат болып табылады. Себебі Алаш зиялылары өздері зерттеген ғылым салаларының негізін қалауда ұлттық дәстүрлерді әлемдік өркениет үрдістерімен үйлестіріп, оларды асқан білгірлікпен ұштастырған еді. Сондықтан да қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оқыту әдістемесінің ғылым арналарын жүйелеп, жіктеген М.Жұмабаевтың, Қ.Кемеңгеровтың айтқан әдістемелік ой-пікірлерінің, оқулықтары мен оқу құралдарының маңызын дәл бүгінгі рухани жаңғыру жағдайында зерттеп зерделеу ғылыми мақаланың негізгі міндеттерінің бірі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XXI ғасырдағы қазақ елінің білім беру жүйесі де өркениет көшінен қалмай, дамудың басым бағыттарын негізге алып, оқыту мазмұнына жаңа талаптарды алға мақсат етіп қойып, жаңарулар мен өзгерістерге бет бұруда. Білім берудегі жаңалықтардың басында Алаш зиялыларының оқу-ағарту саласындағы ойлары, ғылыми тұжырымдары, көзқарастары, еңбектері көш бастап тұраы сөзсіз.

Қазіргі білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнын да Алаш ағартушыларының оқу құралдары, оқулықтары, оқу-әдістемелік еңбектері мен зерттеулеріндегі ойлармен үндесіп жатқандығын ғалымдар дәлелдеуде. Алаш ардақтыларының еңбектеріндегі құнды

пікірлердің бірегейі – төл тілімізде оқыту, әсіресе, балаларға бастауыш сыныпта туған тілінде білім беру мәселелері.

Алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы: «Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық межесінде дара жолымыздың тағылым-сабақтарын парақтадық. Үздіксіз, үзіліссіз алға жылжыған тарих көшінде ұлтты –ұлт, елді –ел еткен құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар бағамдалды. Осы аяда Алаштың, ұлт зиялыларының шоқтығы биік екені айқындалды. Жаңа дәуірде Алашты зерттеу – ұлттық даму мен өркендеуді зерттеу, елдік ұйысудың саяси-мәдени тетіктерін анықтау, мемлекеттік рухани сапа мен жауапкершілікті зерделеу болып шығады» – деген зерделі пікірі Алаш қайраткерлерінің шоқтығын биіктете түседі [1, 9].

Ана тілімізді оқыту, бала тілін дамыту әдістемесі бағытында мол да құнды ойлар айтқан жан-жақты дарынды ұлт перзенті – Мағжан Жұмабаев.

Мағжан Жұмабаев қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын ретінде барша халыққа танымал.

Ал Мағжан Жұмабаевтың әдістемелік еңбектері туралы жазылған пікірлер әлі де болса, аз екені анық. Қазақ ағарту саласында есімі аталатын Молдағали Жолдыбайұлы М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» әліпби кітабының халық арасындағы сауатсыздықты жою мақсатында Мәскеудегі Кеңестер Одағындағы елдердің баспасында жарық көргенін айта келіп: *«Кітап 63 бет. Қағазы жақсы-ақ, қаріп басқан бояуы анық. Қаріптері түйедей, оқуға аса қадірлі, ішінде он бір сурет, екі диаграмма бар: бұдан бұрын қазақша кітаптарда болмаған қымбат нәрсе»*, - деген секілді деректер келтіреді. Бұл ойдан «Сауатты бол» еңбегінің өзіндік құны бар еңбек болғаны байқалады. Ендеше бұл еңбектің де өз алдына талдау нысаны болуы тиіс екені аңғарылады [2, 17].

М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолдарын қарастырылған. Автор ана тілін оқытуға байланысты әдістемелік нұқаулар береді. М. Жұмабаев «Бастауыш мектепте ана тілі» кітабы арқылы бастауыш мектепте әдебиеттік оқу пәнін оқыту, тіл дамыту әдістемесін жасауға ұмтылғаны байқалады. Еңбекте бүгінгі күні әдебиеттік оқу пәнін оқытуда, еш құнын жоймаған кешенді әдіс-тәсілдер бар.

М.Жұмабаев оқушының түсініп оқымай, жаттап алынған білімге қарсылық танытады. Баланы оқытуда оның жүрегіне ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек, себебі бала біреудің айтқан сөзін сөзбе-сөз қайталамай тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейтінін баса көрсетеді. Мектеп пен тұрмыс екеуі екі жақта жатпауын, адамның мектепте алған білімі күнделікті тұрмыста керегіне жарау керек екендігін, оның яғни мектепте оқыған білімінің тұрмыста жарамсыз болып қалмауын, бала нені білсе де, көзімен көріп, қолымен ұстап, мүмкін болғанша өзі істеп білуін қолдайды. Бұл мәселе бүгінгі күнгі білім жүйесіндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру екені анық.

М.Жұмабаев – бастауыш мектепте ана тілін оқыту, тіл дамыту әдістемесін қалыптастыруға өз үлесін қосқан ғалым. М. Жұмабаев әдіскер ғалым ретінде төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізілетін кешенді жаттығулар, қалыптастырылуға тиіс дағдылар жүйесін жасап ұсынған. Бұл орайда әдіскер ғалым М.Жұмабаев жаттығулар мен дағдылар жүйесін төрт жылға топтастыра отырып, сатылай өсу қалпында берген.

Ғалым-педагог алғашқы жылда оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың бірі ретінде өлең жаттау, мысалдарын дұрыс, ашық айтуды, оқи білуді ұсынған. Негізінен бұндай бағыттағы жұмыс түрлері оқушылар әріптерді түгел танып болғаннан кейін жүргізіледі. Бүгінгі күнгі бастауыш сыныптарға арналған әдістемелік еңбектерде өлең, тақпақтарды оқығанда балалардың назарын өлеңнің ырғағы мен ұйқасына аудару, оқушының білетін өлең, ертегі, жұмбақтарын жатқа айтуға қолдау білдіру, алғашқы сабақтарда баланың ауызша тілін дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстардың қатарына ауыз әдебиеті үлгілерінен жатқа айту, өлең жаттау, көркем шығарма оқу секілді жұмыстардың қосылуы М.Жұмабаевтың әдістемелік ізденісінің өміршеңдігін танытады.

М.Жұмабаевтың бастауыш сыныптың алғашқы жылына ұсынған жұмыстары қазіргі кезеңдегі дайындық тобы мен әліппе кезеңіне сәйкес келеді. Осыған орай, М.Жұмабаев

көрсеткен жұмыс түрлері бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік жағынан ой салады деген пікір білдіреміз.

Ал екінші жылда М.Жұмабаев алғашқы кезеңдегі дағдыландыру жұмыстарын тереңдете, күрделендіре түседі. Нақты тоқталатын болсақ, оқушының естігені, көргені туралы толығырақ әңгімелеуіне баса назар аударады. М.Жұмабаев шәкіртті бір-бірімен толық та дұрыс сөйлесе білуге үйретуді назарға алған. Бұл оқушы ғана емес, жалпы адам баласы үшін керек фактор екені баршаға аян. Бұл ретте оқушының өз ойын анық жеткізуіне баса көңіл бөлінеді.

М.Жұмабаев әдістемелік еңбегінде сурет бойынша әңгіме жүргізу жұмысына тоқталған. Жалпы бастауыш сынып оқушылары сурет бойынша сөйлегенде ұсақ бөліктерге көбірек тоқталады. Сондықтан балаларды ойлапта отырып, қажетті сөздерді дәл таба білуге баулу қажет.

Хат жаза білуге дағдыландыру жұмысын да М.Жұмабаев ерекше атайды. Хат үлгісіне («Өліппеге») де сілтеме жасайды.

М.Жұмабаев бастауыш сыныптың екінші жылында өзге де дағдыландыру жұмыстарын ұсынған. Бұл топқа естіген, көрген, оқығанын көрініс кейпінде бере алу; бір белгілі әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығарып айта білу; әңгіменің бір бөлімін алып тастап айта білу; даяр әңгімені өз жанынан толықтыру; газет-журналдардан қысқа мақалаларды көшіруді қосамыз.

М. Жұмабаев үшінші жылда да оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін одан әрі тереңдете түскен. Мысалы, бастан кешкен оқиғалар бойынша ойдан әңгіме құрастыруға тәжірибе жасау. Бұндай жұмыс түрлері бала қиялын өркендетіп, шығармашылық қабілетінің жетілуіне өз үлесін қосатыны дәлелдеуді қажет етпейді; Балалар жиналысында өз пікірін дәлелдеп сөйлей білу. Біздіңше, бала кішкентай кезінен-ақ өз пікірін ашық айтуға дағдылануы қажет. Себебі, өз пікірін дәлелдеуге ұмтылдыру – өмірлік қажет дағды; Бастағы әңгімені толық қылып жаза білу. Бұл жоғарыда айтқан жұмыстың жазбаша қағаз бетіне түсірілу түрі; Бір әсердің тілінің рухын жоғалтпай баланың аяқтауы. Оқушының айтқалы, жазғалы отырған оқиғасын, одан алған әсерін толық, жеріне жеткізе аяқтауды талап етуді үнемі назарда ұстау болып табылады.

М.Жұмабаев бастауыш сыныптың төртінші жылына да бірнеше жұмыс түрлерін ұсынған. Бұл топтағылар: белгілі бір пікірдің жобасымен толық дұрыс сөйлеу һәм жазу. Әдебиет әсерлерін кестелі, кестесіз, өлшеулі, өлшеусіз, сурет, жай әңгіме сипаттарына қарай сөйлей білу; әдебиет әсерінен алынатын сұлулық сезімін, декламацияны тереңдету; оқығанды суретке салу, әдебиет әсерін сахнаға айналдыру. Әрине бұл жаттығулар бастауыш сыныптардағы жұмыстардың күрделенген түрі болып табылады. Алдыңғы жылдарда ертегіні сахнаға айналдыру ұсынылса, төртінші жылда мәтінді сахналауға кезек беріледі. Оған шәкірт қабілеті толық жетеді деп есептейді; Жазбаша баяндама һәм есеппен шығып жиылыстарда сөз сөйлеу; Алдыңғы жылдардағы журналды тереңдету. М.Жұмабаев еңбегінде көрсетілген балалардың өз сыныбында болған оқиғалар туралы журнал шығару жұмысы – тиімді шығармашылық жұмыстардың бірі ретінде көрсетілген. Сондай-ақ әдіскер ғалым журнал материалдарын сыныпта оқып, талқылауды ұсынған. Бұл жұмыстар нәтижесінде балалардың тілі ғана өркендеп қоймайды, таным дүниесі де кеңейеді; Спектакльге қатысу; Мектептің оқу үйін басқаруға жәрдем қылу.

М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасы туралы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Р.Рахметова: «Қазіргі білім беру жүйесіндегі технологиялар жалпы мектеп, орта және жоғары оқу орындарындағы оқушыларды, студенттерді дара тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталса, Мағжан сол шәкірттерге тәрбие беретін тәрбиеші баланы дара тұлға етіп шығаруы үшін қандай болуы керек деген мәселеге ерекше мән береді. Оның бұл пікірлерінің бүгінгі таңда маңызы өте зор» – деп пікір білдірген [3, 65].

М.Жұмабаевтың жоғарыдағы еңбектеріндегі ой-тұжырымдары, көзқарастары қазіргі жаңартылған білім беру жүйесіндегі бастауыш сыныпты оқытуда ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік ұсыну, кез келген қабылданатын ақпаратқа сын

тұрғысынан қарап, талдай білу дағдысын белсенді дамыту, дербес ойлануға ынталандыру мақсат, міндеттерімен толық сабақтасып, тамырласып жатқандығын байқауға болады.

Қорыта айтқанда, М.Жұмабаев әдістемелік еңбегінде ұсынылған жаттығулардың қай-қайсысы да үлкен ойға жетелейді. Еңбек осынысымен аса құнды және өміршең. Еңбекте көбінесе бала тілін дамытуға бағытталған жаттығулар жүйесі ұсынылған. Мысалы, басынан кешкен оқиғалары бойынша ойдан әңгіме шығару; бастағы әңгімені толық қылып жазу; бір әсердің тілінің рухын жоғалтпай баланың аяқтауы, т.б. [4, 50].

Мағжан Жұмабаев көзқарасында бастауыш сыныптарда білім берудің мақсаты да ауқымды, кең дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру еді.

М.Жұмабаев жиылыста өз пікірін дәлелдеп сөйлеу, жиылыс, экскурсия, оқиғалардан жазбаша есеп беру, жазбаша баяндама жасау т.б. жұмыс түрлерін көрсете отырып, баланы өмірмен байланыстыруды, өзіндік бет-бейнесін қалыптастыруды көздеген. Өкініштісі, М.Жұмабаев көрсеткен осындай жұмыс түрлерін қазіргі әдістемелік еңбектерден байқамаймыз. Демек, М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегі қазіргі таңдағы бастауыш мектеп мұғалімдері үшін практикалық жағынан құнды әдістемелік құрал болып табылады.

XX ғасыр басында алаш ағартушылары қазақ мектептерінде қазақ тілінің оқытылуына қаншалық мән берсе, қазақ тілінің орыс тілді мектептерде оқытылуына да баса назар аударды.

Қазақ елі дербестік алып, Қазақ автономиялы Советтік Социалистік республикаы құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада Тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға аллына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты:

- қазақ тілінде оқулықтар шығару;
- мектептердегі қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау;
- орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қ.Кемеңгерұлының еңбектері осындай кезде дүниеге келді.

Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұралары қатарында «Қазақша-орысша тілмаш» (1925), «Жауропалықтарға арналған оқу құралы» (1928,1929), 1927 жылы Ташкенде әріп мәселесі туралы айтысты сөйлеген сөзі, 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөзі сол кездегі басылым беттерінде жарық көрген «Қотыр сөздер» («Жаңа мектеп», 1926, № 14-15), «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс» («Еңбекші қазақ», 1926, 24 қараша), «Қазақша ай аттары» («Қазақ тілі», 1926, 7 қараша); «Жат тіл оқыту әдісі» («Жаңа мектеп», 1927, № 3-4) т.б. мақалаларын атауға болады.

Алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлы Ташкент қаласында әскери училищеде қазақ тілінен сабақ беру барысында тәжірибе мен теориялық білімін байланыстырды. Осы еңбектің нәтижесінде екі бөлімнен тұратын «Жабропалықтар үшін оқу құралын» жазған.

«Оқу құралы» қазақ тілін аптасына он екі сағат оқитын әскер мектебіне арналған. Ұлт зиялысы А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Сауат ашу», «Тіл – құрал» оқулықтары қазақ мектептері үшін жазылған. Ал Қ.Кемеңгерұлының «Жабропалықтар үшін оқу құралы» өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін әзірленген болатын. Бұл еңбек сол заманда өзге ұлт өкілдеріне арналған оқулықтардың бастауы болды. Өкінішке орай, Қ.Кемеңгерұлының аталмыш оқу құралы біраз жылдар бойы жарыққа шықпай, көпшілік назарынан тыс қалды.

Қ.Кемеңгерұлының «Жауропалықтарға оқу құралы» қазіргі әдістемелік еңбектер сияқты, кешенді оқулық түрінде шығарылған. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді өзге ұлт

өкілдеріне оқыту әдістемесінің негізі ретінде қарастыруға болады. Оқулық, оның дидактикалық материалы, әдістемелік құралы, сөздігі бар. Қ.Кемеңгерұлының тілді оқытуға ұсынған әдістемелік ұстанымдары бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ және оқыту әдістемесінде жиі көрініс табады.

Оқулықта қазақ тілін үйретуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді өз заманына сәйкестендіріп қолданғанын көруге болады. Ғалым-әдіскер жауропалықтарға (орыстарға) қазақ тілін оқытуда өтілетін сабақтың мазмұнына, мақсатына байланысты әңгіме әдісін, сұрақ-жауап әдісін, түсіндіру әдісін, салыстыру әдісін, жаттықтыру әдісін, көрнекілік әдістерін орынды пайдаланған. Әңгімелесу әдісін бүгінгі күні әдістеме ғылымында кейде сұрақ-жауап әдісі деп те атайды. Дегенмен екеуінің (қазіргі оқыту мен Қ.Кемеңгерұлының оқытуы) арасында сәл айырмашылық бар. Сұрақ қою қазіргі оқытуда сұхбат (диалог) негізінде жүзеге асырылса, Қ.Кемеңгерұлының оқулығында мәтіннен соң сұраулы сөйлемдер беріледі. Сұрақтар күрделі сөйлем ретінде берілмейді, сұраққа жауап беру үшін, тіл үйренушінің ойлануына мүмкіндік беріп, логикалық ойлауға жетелеу үшін берілген. Себебі сұрақтың жауабын табу үшін, тіл үйренуші мәтінді толық оқып шығуы қажет. Бұл бүгінгі күні білім алушылардың білімін, логикалық ойлау мен дүниетанымын кеңейту, бақылау мақсатында пайдаланылып жүрген оқу сауаттылығы жүйесімен сәйкес келеді.

Мәтін үлгісі төмендегідей: *Оқу адамға жан жолдас. Оқу адамға білім береді. Оқумен адам білімді болады. Білімсіз – надан, білімді адам. Оқу білім, надандық өлім. Адамға оқу керек. Оқу өнер. Өнерлі адам болады. Білімді болу үшін түрлі кітептерді оқу керек. Мен күз оқуға барамын. Мен оқуды, жақсы көремін. Оқумен адам боласың. Өнер оқуда. Оқу-пайда, надандық – зиян. Есік жабулы. Мен есікті аштым. Оқудың пайдасы көп. Менің оқуым жақсы, сенің оқуың қалай? Оқу біл, жазу, біл! Сен жазу білесің бе? Менің жазуым жаман, оның жазуы жақсы. Қағаз жазулы. Мен жазулы қағазды алдым.*

Сұраулар: Оқу кімге жан жолдас? Оқу адамға не береді. Немен адам білімді болады? Не өлім? Адамға не керек? Өнерлі кім болады? Білімді болу үшін не оқу керек? Мен күз неге барамын? Мен нені жақсы көремін? Немен адам боласың? Менің нем жақсы? Менің нем жаман? Оның несі жақсы? [5].

Автор бірінші қатысым үшін қажетті материалды береді. Бұдан мәтін негізінде құрастырылған сұрақтарға тіл үйренушінің өздігінен жауап бере отырып, сөйлем құрастыруына мүмкіндік беру мақсат етілгені көрінеді. Себебі бұндай жұмыс түрі арқылы оқытушы білім алушыға нақты бір жағдаятқа байланысты сөйлем құрастырып, өзінің ойын жеткізуге жетелейді, бағыттады.

Өзге тілді үйренуші үшін бұл өте маңызды жұмыс түрі болып табылады. Сонымен қатар, оқулықта берілген мәтіндердің тәрбиелік, танымдық сипаты басым. Оқу және оның пайдасы туралы білім алушыға пайдалы кеңес береді. Білім алуға ұмтылуда насихаттайды. Бұл жағдай өз заманы үшін үлкен мәселе болғаны шындық. Сондай-ақ мәтінде көтерілген мәселенің өзектілігі берілетін білімнің өмірмен байланыстылығын танытады.

Қ.Кемеңгерұлы: «Алғашқы жетілер сабақтың негізі сөйлесу болады. Алғашқы жетілер оқушылардың тілін жаттықтыру мен құлағын үйретумен өткізіледі», – дейді [6, 48]. Себебі басқа тілді меңгеру барысында бірінші сол тілдегі мәтіндерді тыңдау маңызды. Адамның құлағы үйреніп, тілді меңгеруге икемделе бастайды. Жоғарыдағы пікірден әдіскер-ғалымның тіл үйренушінің ойын сауатты және еркін жеткізуге дағдыландырудың тиімді жолы әңгіме әдісі деп танытындығын көреміз. Себебі әңгіме әдісі арқылы тіл үйренушінің сөйлеу үдерісінде қандай грамматикалық тұлғаларды пайдалана алмайтынын анықтауға, сөздік қорын айқындауға болады. Қ.Кемеңгерұлы алғашқы сабақтарында әңгімелесу әдісін түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырған. Мысалы, сұрақ қою, жауап ретінде баяндау, оқушының назарын пәнге аудару сияқты Қ.Кемеңгерұлы сұрақтың қысқа да түсінікті, сөйлеу тіліне жақын болуына ерекше назар аударған. Өйткені әдіскер ғалым қазақ тілін енді үйрене бастаған шәкіртке қиындық келтірмеуді мақсат еткен.

Фонетиканы, грамматиканы оқыту үшін көрнекіліктің бір түрі – грамматикалық кестелерді, септік жалғауларын, жай септеу мен тәуелді септеу үлгісін, есімдіктердің септелу

үлгісін, етістіктің шақ, рай категориясын оқыту барысында білімді саналы түрде меңгерудің тиімді жолы ретінде Қ.Кемеңгерұлы оқу үрдісінде кеңінен қолданған.

Қазіргі таңда әдістемеде кеңінен қолданылып жүрген қатысымдық әдіспен оқытуды Қ.Кемеңгерұлы да тиімді жүзеге асырған. Қ.Кемеңгерұлының ұстанымы бойынша, оқыту әрекеті барлық оқушы толық қатыса алатындай, оқи алатындай болып құрылуы керек. Оны әдіскер «сөйлеу жолы» деп атаған.

Өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретуде жиі қолданылатын әдіс түрі – жаттықтыру әдісі. Әдіскер-ғалымның тілдің теориясын оқытқанда жаттықтыру әдісін жиі қолданғаны байқалады. Бұл әдісті ғалым жаттығуларды орындату барысында жүзеге асырған. Тіл үйренушілерге № 14 жаттығуды мәтін тапсырмасын орындатуда жаттықтыру әдісін қолданады. *«Балаңа алдың ба? айттың ба? Сен мен біздің үйге кел!*

.....ге келдің? Мен неше жас.....? Біз көп салмаймыз. Біз күн көреміз.ге он шақырым қалды. Менің көзі жоқ. Менің шаң жоқ. Сенің апардым. Мен дан астым. Біздің балаларымыз кетті. Сіздің балаңыз

Нүкте орындарына қойылатын сөздер: кітап, әке, инше, неше, егін, еңбек, шәр, әже, киім, тарақ, отыр, мектеп, үй.

Жақ жалғаудың кестесін жасаңдар [7].

Жаттығулардың тапсырмаларын автор үнемі түрлендіріп отырған. Себебі білім алушының сабаққа, тіл үйренуге деген қызығушылығын жойып алмау қажет екені түсінікті. Оқылған, тексерілген мақаланы көшірту, сөйлем құрастырту, жаңылтпаш жаттату арқылы тіл үйренушілердің тілдерін жаттықтыру жұмыстарын жүргізіп отырған. Сонымен қатар, Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесінде тіл үйренушілердің өздігінен жұмыс істеулеріне ерекше көңіл бөлген.

Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік тілді жаңаша ізденістермен оқыту, оның педагогикалық-психологиялық негіздерін айқындап алу қажеттілігін тудырады. Әсіресе, басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуі мен мемлекеттік тілде сөйлеуі, қоршаған орта тұлғаларының бір-бірімен ізгі қарым-қатынаста болуы – бұл қоғамдық - әлеуметтік ең қажетті мәселе болып табылады. Сол себепті бүгінгі күн тәртібінде тұрған осы басты мәселені іске асыру үшін, ұлт пен ұлттың түсінісуін қамтамасыз ету жағдайы оқу орындарында сапалы іске асырылмаса, оқу нәтижесіз болмақ. Осы талаптар негізінде мемлекеттік тілді жаңаша ізденістермен оқыту қажеттілігі туындамақ.

Қазіргі кезде тіліміздің қоғамдық қызметі, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы да басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуімен, мемлекеттік тілде сөйлеуімен де өзектесіп жатқандығы аян. Қ.Кемеңгерұлы өз дәуірінде бүгінгі күннің өткір мәселесін шешудің жолдарын ұсынып, білім беру жүйесінде ғылыми негіздеп берген.

Қ.Кемеңгерұлының өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша айтқан пікірлері мен көзқарастары оның оқыту әдістемесінде қолданған әдіс-тәсілдері өзінің маңыздылығын, өміршеңдігін танытады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күнде заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі ХХ ғасыр басында өмір сүрген Алаш ағартушыларының еңбектерінен бастау алады және олардың ұсынған тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндеседі. Мемлекеттік тілді оқытуда алаш қайраткерлерінің қалыптастырған дәстүрлі әдістемедегі әдіс-тәсілдерді жаңа технологиялардың элементтері негізінде түрлендіріп, жаңартып, жақсы нәтижелерге жетуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы (зерттеу мақалалары). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 408 б.

- 2 Қыдыршаев А.С. Мағжан Жұмабаевтың кейбір әдістемелік түйіндерінің астары // Қазақ лингводидактикасының мәселелері. Жас ғалымдар мен аспиранттардың ғылыми мақалалар жинағы, I шығуы, Орал, 1997. -60-66-б.б.
- 3 Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет /Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек. - Алматы, 2018. 292 бет
- 4 <http://kazneb.kz>
- 5 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. 1 т. – 320 б.
- 6 Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы. Шығармалар. – Алматы: Тұлға, 1995.– 184 б.
- 7 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқуқұралы. – Алматы: Алаш, 2005. 2 т. – 336 б.

Материал 13.03.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Qamzabekūly D. Alaş arqauy (zertteu maqalalary). Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2017. – 408 b.
- 2 Qydyrshaev A.S. Maǵjan Jumabaevtyń keibir ádistemelik túinderiniń astary// Qazaq lingvodidaktikasynyń máseleleri. Jas ǵalymdar men aspiranttrdyń ǵylımı maqalalar jınaǵy, I shyǵy, Oral, 1997. -60-66-b.b.
- 3 Ruhani jańǵyru – alaştyń asyl mūratty: tıl, jazu, mádeniet /Jauapty redaksiasyn basqarǵan – E.Qajybek. - Almaty, 2018. 292 b.
- 4 <http://kazneb.kz>
- 5 Kemeńgeruly Q. Úsh tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. – Almaty: Alash, 2005. 1 t. – 320 b.
- 6 Qoshke (Qoshmuhammed) Kemeńgeruly. Shyǵarmalar. – Almaty: Tulǵa, 1995.– 184
- 7 Kemeńgeruly Q.Úsh tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Oqyquraly. – Almaty: Alash, 2005. 2 t. – 336 b.

Методические взгляды деятелей Алаш

Н.К. Смагулова

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Рассмотрено значение методических соображений, учебников и учебных пособий, высказанных М. Жумабаевым, К. Кемеңгеровым, систематизировавших и классифицировавших научные каналы казахского языкознания, литературоведения и методики преподавания. В начале образовательных открытий были изучены мысли, научные выводы, взгляды, труды алашской интеллигенции в области просвещения. В современном образовании в обновленном содержании образования проанализированы учебные пособия, учебники, учебно-методические труды и исследования просветителей Алаш. Были рассмотрены вопросы методики преподавания родного языка, развития языка ребенка Мағжана Жұмабаева. Были изучены мысли, взгляды в трудах М. Жұмабаева. Доказано, что преподавание начальных классов в современной обновленной системе образования имеет большое значение для формирования научно-исследовательских навыков. Изучены методические труды К. Кемеңгерұлы по изучению государственного языка.

Ключевые слова: Алаш, просвещение, методическая мысль, технологии обучения, национальная духовность, учебники, созвучие.

Материал поступил в редакцию журнала 13.03.2022

Methodological principles of Akhmet Baitursynov

N. K. Smagulova

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The significance of Akhmet Baitursynov's scientific works in the science of Kazakh linguistics and literary studies, methods of their teaching is considered. The methodological ideas expressed by Baitursynov in the first quarter of the 20th century are valuable in their relevance in the updated content of education in the 21st century. The problems of the viability of Baitursynov's ideas, which are closely connected with national spirituality, are studied in detail. The analysis shows that the basis of new teaching technologies, which are widely used in accordance with modern requirements, is laid down in Baitursynov's works of the early 20th century. It is proved that Baitursynov's methodological conclusions and techniques correspond to the requirements of modern teaching. For the first time, Baitursynov's works on literacy textbooks and teaching methods are classified. The laws and principles of methodology in his works revealed.

Key words: methodological thought, educational technologies, national spirituality, textbooks, evaluation

Received: 13.03.2022

FTAXP 14.09.03

Н.К. Смагулова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, оны оқыту әдістемесі ғылымында Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерінің маңызы қарастырылды. Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің XXI ғасырдағы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруде өзінің өзектілігімен құнды екені сараланды. Ғалым ой-пікірлерінің ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршеңдігі мәселелері жан-жақты зерделенді. Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі XX ғасыр басындағы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатыны талданды. Ғалымның әдістемелік ой тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндесетіндігі дәлелденді. А.Байтұрсыновтың XX ғасырдың басында алғаш рет сауат ашу оқулықтары, оқыту әдістемесі туралы жазған ғылыми еңбектері жіктелді. Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі әдістеме заңдылықтары мен ұстанымдары ашылды.

Кілт сөздер: әдістемелік ой-пікірлер, оқыту технологиялары, ұлттық руханият, оқулықтар, бағалау.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың басы – қазақ ғылымының өсіп-өркендеп, өзіне дейінгі және өз заманындағы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ілім мен білімді игере отырып, алға қадам басқан кезеңі. Осы тұста ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен алаш ағартушыларының тұлғасы жарқырай көрінді. Олардың қоғам қайраткерлігі, ақындығы мен жазушылығы өз алдына бір сала болса, енді бір сала әдістемелік мұралары ұрпақты оқыту жолындағы жанкешті еңбектері еді.

Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің XXI ғасырдағы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруде өзінің өзектілігімен, ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршеңдігі мәселелері мақаланың басты зерттеу нысанына алынып отыр.